

Қазақ халқы әртүрлі тарихи оқиғаларды бастан кешірді. Бірде “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” алтын дәүірде өмір сүрсе, енді бірде жоңғар шапқынышлығы, ашаршылық немесе сталиндік құғын-сүргін сынды ауыр заманды көрген. Әсіреле қазақ халқының діні мен діліне, мәдениеті мен әдебиетіне тигізген кесірі орасан болды. 1937-1938 жылдары мұсылман дінбасылары да репрессияға ұшырағанын айта кеткен жөн.

# ҚҰҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Солтүстік өнірде діни басшылардың, молдалардың, мешіт қызметкерлерінің құғын-сүргінге ұшырауы 1920 жылдардың аяғында басталды. Бірінші кезекте, мешіттер мен діни ғимараттарды тартып алу, берілген жер телімдерін мемлекеттік мешікке айналдыру, тәркілеу шарапары жүргізілді.

1930 жылы Петропавл қалалық кеңесі діни қауымдастықтар мен бірлестіктерге тольқтай шек қойды. Өлкедегі 7 діни ғимараттың, соның ішінде Петропавлдағы 3 мешіттің жұмысын тоқтатқаны жария етілді. Қалалық кеңестің бұл қауысын орындау барысында 2-ші бөлім надзирателінің нотариус құжаты қөшірмесіндегі анықтама бойынша патшалық Ресей кезінде татарларды құштеп шоқындыру әрекетіндегі сияқты мүздіндерге, яғни араб тілінен аударғанда муazzин немесе азаншы адамдарға мешіт мұнараларына мініп алып, азан шақыруға, намаз оқуға тыйым салынды.

Қалалық кеңестің 1930 жылдың 2 наурызындағы қауысына дінбасылары шағым хат жолдайды. Петропавл өлкесінің аудандық атқару комитетінің президиумында қарастырылып және де тольқтай бекіту үшін Қазақ Орталық атқару комитетіне жіберіледі. Жоғарыда көрсетілген қалалық кеңестің БОАК президиумының діни мәселелер бойынша тұрақты комиссия нұсқауна сәйкес қоғамдық қажеттіліктеге қажет ғимарат тек сол аймақ тұрғындарының көпшілігінің қалалуы бойынша және тиісті қатынасат жазғандаған жағдайда асырылады деген шешім қабылданады.

Солтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер департаментінің мұрағатында сақталған Петропавл қаласының №1 мешітіндегі мұсылман сенушілер қоғамының басқарушысы Исмагулов Ильяс-таң атынан жазылған ашық ха-

тында бұл оқиғалар туралы былай баяндалды: “Тұрғындар бұл шешімді қолдамаған, ал Меновий алаңының жұмысшылары мұлдем қарсы шыққан”.

1930-1937 жылдар аралығында дін екілдерін тұтқындау, саяси кудалау, қысым жасау көнін таралды. 1937-1938 жылдары репрессияға ұшыраған, қызметі үшін жазаға тартылған, атылған дінбасылардың, имам, молдалардың саны артты. Ишкі істер министрлігі архивіндегі құжаттардың ішінен ортақ жүйеге келтірілген, әліпбелік тізімі сақталған репрессияға ұшыраған адамдардың тізімін алуға болады. Ол тізімде әрбір азаматтың тұған жері, жылы, қызметі, білімі, сottalғанға дейінгі мекен еткен орны, қашан және қандай орган тұтқынға алғаны мен сottalғаны, жазаның түрі және есімінің қайта қалпына келтірілу жайында мәліметтер көрсетілген. Жерлестеріміздің тізімін саралай келе жалпы саны 5043 кудаланушының ішінен 34-і мұсылман дінбасылары екені анықталды.

Облыс бойынша репрессияға ұшыраған мұсылман дінбасыларының тізімін географиялық аймағы бойынша екіге бөліп қарастыруға болады. Петропавл қалалық имам-молдалар тобына: Ағысов Мағди, Әбдірашитов Мұхаметхазіз, Бегішев Абдулзали, Бикбаев Хафіз, Бегішев Мұхаммеджан, Гимадетдинов Ахтам, Тұлемісов Хасан жатады. Ал қалған 27 дінбасының мекен еткен орны – облыс құрамындағы аудандар. Ұлттық құрамы бойынша қарасақ, кудаланушылар қатарына 5 татар және 29 қазақ молдасы енген. Әбдірашитов Мұхаметхазіз, Бегішев Абдулзали, Бегішев Мұхаммеджан, Бикбаев Хафіз, Гимадетдинов Ахтам – татар ұлттының екілдері және барлығы да – Петропавл қаласының тұрғындары.

Солтүстік Қазақстандық руханият екілдерін тұтқындау мерзімі 1937 жылдың 4 наурызынан, алғаш Ленин ауданы Ақтас ауылының тұмасы, Тұңғылқ ауылдық мешітінің имамы Әбдірахіев Кәкімнен бастау алып, 1938 жылдың 28 сәуірінде Төң-



Мәселең, Мұхаммеджан Бегішев 1867 жылы Ресей империясы, Тамбов губерниясы, Азеево ауылында дүниеге келген. Патшалық Ресейдің Қазақстанда мұсылман дінін тарату саясаты мен қаладағы аса ірі татар диаспорасының қалыптасуына байланысты Петропавл қаласына көшіп келеді. Мұхаммеджан молда Петропавл Приход мектебі мен мешітіндегі имам қызметін атқарып, әйгіл қазақ ақыны Мажан Жұмабаевтың медреседегі ұстазы болған. Осы деректерден Петропавл қаласындағы татарлардың діни-рухани өмірге ықпалының зор болғанын байқауышыла болады.

КСРО ішкі істер халық комиссариатының дінбасыларының тізімін географиялық аймағы бойынша екіге бөліп қарастыруға болады. Петропавл қалалық имам-молдалар тобына: Ағысов Мағди, Әбдірашитов Мұхаметхазіз, Бегішев Абдулзали, Бикбаев Хафіз, Бегішев Мұхаммеджан, Гимадетдинов Ахтам, Тұлемісов Хасан жатады. Ал қалған 27 дінбасының мекен еткен орны – облыс құрамындағы аудандар. Ұлттық құрамы бойынша қарасақ, кудаланушылар қатарына 5 татар және 29 қазақ молдасы енген. Әбдірашитов Мұхаметхазіз, Бегішев Абдулзали, Бегішев Мұхаммеджан, Бикбаев Хафіз, Гимадетдинов Ахтам – татар ұлттының екілдері және барлығы да – Петропавл қаласының тұрғындары.

Солтүстік Қазақстандық руханият екілдерін тұтқындау мерзімі 1937 жылдың 4 наурызынан, алғаш Ленин ауданы Ақтас ауылының тұмасы, Тұңғылқ ауылдық мешітінің имамы Әбдірахіев Кәкімнен бастау алып, 1938 жылдың 28 сәуірінде Төң-

керіс ауданы, Теренсай ауылының тұрғыны және ауылдық мешіттің имамы Жұланов Мажанды тұтқынға алуға дейін созылады. Ең ірі кудалау операциясы Ленин (қазіргі Есіл ауданы) мен Преснов ауданында (қазіргі Жамбыл ауданы) журғілді. Ал жалпы үштіктің күнінде шарапары Ленин, Преснов, Приишім, Сергеев, Төңкеріс, Булаев, Бейнетқор аудандарында кең таралды.

Кеңестер үкіметі террорлық іс-шараларын жүргізуде КСРО конституциясының қылмыстық заңының 58 бабына сүйенді. Сот үкімі аса ауыр жазаларды қарастыруды. Үштіктің отырысы нөтижесінде мұсылман дінбасыларының ішінен 20-сы ату жазасына кесілсе, қалғандары 5 жыл мен 25 жыл аралығында ауыр жағдайға негізделген еңбекпен тузеу лагерлеріне аттандырылды. Осы мәліметтердің езінен-ақ сталиндік террордың қаталдығын көрімізге болады.

Кеңестер одағында 1930-1950 жылдары орын алған, есіреле 1937-1938 жылдары қатты көрініс берген сталиндік құғын-сүргінге миллиондаған адам ілікті. Бұл жерде жоғарыда көрсетілген статистикада 34 мұсылман дінбасының құрбаны тым аз көрінім мүмкін. Алайда әр адамның жеке өміріне орны толмас нұқсан келтірілді. Екіншіден, репрессия өлкө тұрғындарының

рухани, мәдени, тарихи және діни сауаттылығына орасан зор залалын тигізді. 1920 жылы басталған мешіттерді қирату, мұсылмандық кітаптарды жоға шығаруға жасалған қадаммен тенбе-тен болып табылады.

Кеңес үкіметіндегі биліктін ауысуы, мемлекеттік идеологияда жаңашыл ойлайтын, социалистік жүйеден іргесін алшақтауға талпынган топтың келуі қөтеген реформаларға итермеледі. “Қайта құру” саясаты жүргізген М. Горбачев пен оның үкіметі ашықтан-ашық сталиндік репрессияның іс-қымыллын улкен террор деп танып, оның құрбаны болған кеңес азаматтарының есімдерін қайта қалпына келтіре бастады. Бұл іске 1989 жылдың 16 қантарындағы КСРО Жоғары кеңесі президиумының бұйрығы: “30-40 жылдар аралығы мен 50 жылдардың дінбасында орын алған репрессия құрбандарына қатысты әділдікті орнатудағы қосымша іс шаралар туралы заң” әсер етті. Жоғарыда көрсетілген жарлыққа ілікken мұсылман дінбасыларының есімдерін қалпына келтіру үрдісі алғаш болып 1989 жылғы 16 қантарда Құлак ауылы мешітінің имамы Қалышбаев Қасенен бастау алып, сол жылғы 4 желтоқсан күні Петропавлдың 5 татар дінбасысын актаумен аяқтады. Руханият екілдерін халық жауы тізімі қатарынан шығару тольқтай 1 жыл уақытты қажет етті. Есімдерін қалпына келтірумен Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы айналысты.

Мақаланы тамамдай келе, келесідей түйінге келуді жөн көрдік. Қазіргі таңдағы еліміздің тәуелсіздігі, халықтың бостандығы, басшылықтың әрбір азаматқа қамқоршылық жасауы ете қуантарлық. Әрбір қазақстандықтың мақсаты – еткеннен сабак алып, тарихта болған қателіктерді қайталауда, құқық бұзушылықтың үстемдік етуіне қарсы тұруға ұмтылу. Сонымен қатар болашақ үрпак есімдері жазықсыз айыпталған тұлғаларға қатысты әділдікті орнатуға тиіспіз.

Зәуре ҚАРТОВА,  
Аслан ҚАЙЫРОВ,  
саяси құғын-сүргін  
құрбандарын ақтау жөніндегі  
өнірлік комиссия мүшелері.